

**6D110200 - «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
(PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бронхөкпе
дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медициналық-әлеуметтік
көмекті жетілдіру» тақырыбындағы Саирланкызы Салтанаттың
диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

С.Саирланкызының докторлық (PhD) диссертациясы бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмекті жетілдіруге арналған.

2008 жылы Қазақстан Дүниежүзілік Денсаулық Сақтау Үйымының ұсыныстарына сай перинатальды кезеңді тіркеудің жаңа критерийлеріне етті. Бұл салмағы өте төмен және экстремальды төмен нәрестелердің санының көбеюіне әкелді. Қарқынды емдеу әдістерінің жетілдірілуі және сурфактант алмастырушы емінің әсерінен неонатологтар тыныс бұзылыстарымен туылған және тағы да басқа жағдайлармен жасанды өкпе аппаратында болған салмағы аз нәрестелердің өлімінің азаюына қол жеткізді. Алайда бұл нәрестелер арасында бірқатар аурулардың көбеюіне алып келді, солардың бірі – бронхөкпе дисплазиясы. Қазіргі танда бронхөкпе дисплазиясы неонатология шенберінен шығып, балалардағы өкпенің созылмалы ауруына, мүгедектікке алып келетін педиатриядагы өзекті мәселелердің біріне айналды. Анамнезінде бронхөкпе дисплазиясы бар балаларда ересектер арасындағы мүгедектік пен өлім себептері бойынша алдыңғы катарды иеленіп отырған, өкпенің созылмалы обструктивті ауруының даму қаупі жоғары. Сол себепті бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын емшек және ерте жастағы балалар сапалы және тиімді көмек алуды қажет етеді. Осы тұрғыдан алғанда аталмыш диссертациялық жұмыстың тақырыбы өзекті деп санаймын.

Диссертант С.Саирланкызы Алматы қаласы Қалалық перинатальды орталығы бойынша бронхөкпе дисплазиясын ретроспективті талдау (2013-2017 жылдар аралығында), ары қарай науқас балалардың денсаулық жағдайын бағалау бойынша үлкен жұмыс жүргізген. Ғылыми зерттеу жұмысы барысында Алматы қаласы тұрғындарына амбулаторлы-емханалық қызмет көрсететін 20 медициналық үйым қамтылды. Зерттеудің үлкен бөлігі ата-аналар арасында, отбасының медико-әлеуметтік сипаты мен медициналық белсенділігін және балалардың өмір сапасын анықтау үшін сауалнамалар жүргізуге арналған.

Көрсетілген зерттеу нәтижелері негізінде диссертант бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балаларға медико-әлеуметтік көмек көрсету моделін құрастырды және тәжірибиеге енгізуге ұсыныс жасады.

Ғылыми жұмыстың практикалық маңыздылығы «Бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын науқастар регистрінің» құрастырылуы болып табылады (bld.bolimi.kz). Аталмыш регистр Алматы қаласының емханаларына енгізілді және қазіргі танда өндірістік қолданыста. Регистр

бронхөкпе дисплазиясымен сырқаттанатын балалардың электронды базасын бір жерде жинақтауға, аурудың медициналық және әлеуметтік мәселелерін анықтауға бағытталған.

Докторант ұсынған әрбір түйіндеме деңсаулық сактау жүйесін ұйымдастырушылары және дәрігерлердің шешім қабылдаудың маңызды.

Зерттеу нәтижелері диссертацияларға қойылатын талаптарға сай жарияланып, халықаралық конференцияларда баяндамалар жасалып, авторлық құқықтар алынды.

Сонымен, докторанттың жұмысы шенберінде ұсынылған нәтижелердің ғылыми жаңалығы бар және жаңашыл, қоғамдық деңсаулық және деңсаулық сактау саласындағы ғылыми бағыттың дамуына белгілі дәрежеде үлес қосатыны күмән тудырмайды.

PhD докторант С.Саирекзының орындаған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім беру және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Ғылыми дәрежелерді беру ережелері» бойынша докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, және 6D110200 - «Қоғамдық деңсаулық сактау» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін іздену үшін корғауға ұсынуға болады.

Ғылыми кеңесшісі:

С.Ж.Асфендияров ат. ҚазҰМУ,

Н.А.Барлыбаева атындағы

неонатология курсымен

балалар аурулары кафедрасынын

доценті, м.ғ.д



Р.Ж. Сейсебаева